

Жалпы пайдаланудағы жолаушылар көлігі кәсіпорындарын жекешелендіру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 шілдедегі N 1151

Жалпы пайдаланудағы жолаушылар көлігі саласынағы жекешелендіру процесін аяқтаудың әлеуметтік маңызын ескере отырып, оны аяқтау мақсатында және "Жалпы пайдаланудағы қалалық жолаушылар көлігін монополиясыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы N 773 Р960773_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен:

бір ай мерзім ішінде жалпы пайдаланудағы қалалық жолаушылар көлігі кәсіпорындарын акционерлеу жөнінде қажетті ұйымдастырушылық шаралар қабылдасын;

үш ай мерзім ішінде жалпы пайдаланудағы қалалық жолаушылар көлігі кәсіпорындарының негізінде құрылған акционерлік қоғамдар акциялары мемлекеттік пакетінің 90 процентіне дейінгісін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментіне

белгіленген тәртіппен сату үшін берсін;

жоғарыда аталған акционерлік қоғамдар акциялары мемлекеттік пакетінің қалған бөлігін (10 және одан көп процент) осы акционерлік қоғамдарға сенімді басқаруға берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары